

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Коммуникация орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесін құру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 814 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына, "2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына және "Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Коммуникация орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі мекемеге қатысты тиісті саланың уәкілетті органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) мекеменің жарғысын бекітуді;  
2) мекеменің Қазақстан Республикасының әділет органдарына мемлекеттік т і р к е л у і н ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне 2012 жылы мекеменің қызметін қамтамасыз ету үшін 2012 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 22009700 (жиырма екі миллион тоғыз мың жеті жүз) теңге сомасында ақшалай қаражат б ө л і н с і н .

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2012 № 1625 қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 № 887(алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 29, 327-құжат):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі штат санының лимиті оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, 987 бірлік санында бекітілсін";  
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің "Коммуникация орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі";  
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің адам санын ескере отырып штат санының лимиті осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.

Мәсімов

Қазақстан Үкіметінің 2012 жылғы № 814 қосымша	21	Қазақстан Республикасы маусымдағы қаулысына
Қазақстан Үкіметінің 2002 жылғы № 993 бекітілген	11	Қазақстан Республикасы қыркүйектегі қаулысымен

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің адам санын ескере отырып штат санының лимиті**

А т а у ы	Ш т а т санының лимиті

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	9 8 7
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	7 2 6
1) "Назарбаев орталығы" көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі	3 5 4
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі	3 0 7
3) Ақпаратты техникалық қорғау орталығы	1 4
4) Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы	8
5) Коммуникация орталығы	4 3